**«Bolashaq» академиясы**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7М04201 – «ҚҰҚЫҚТАНУ»**

Қарағанды, 2022

**«Bolashaq» академиясы**

**БЕКІТЕМІН**
Ректор м.а. з.ғ.к., қауымд.профессор
__________ Г.М. Рысмагамбетова
«__01__» ____08____ 20_22_ ж.

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**7М04201 – «Құқықтану»**

Оқыту деңгейі: Магистратура
Берілетін дәреже: 7М04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша «құқық магистрі»
Бейіндік бағыт
Біліктілік деңгейі 7 ҰБШ бойынша
Құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасы

**Қарағанды, 2022**

Құрастырушылар – Академиялық комитет:
- Арыстанбеков Марат Акытович - заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Хан Александр Леонидович – заң пәндері кафедрасының профессоры;
- Әбдижами Айтуған Жұмахметқызы – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Оспанова Гульнар Слямжановна – з.ғ.к., заң пәндері кафедрасының доценті;
- Шагатаев Кайрат Кусусбекович – з.ғ.к.,доцент, Қарағанды облысы сотының судьясы;
- Туркенич Никита Глебович – магистранттардың өкілі.

Білім беру бағдарламасы кафедра мәжілісінде қарастырылды хаттама № 1 «22» 08 20 22 ж.

Құқықтық және қаржылық пәндер кафедрасының меңгерушісі Кабжанов А.Т.

Білім беру бағдарламасы ОӘК отырысында қаратырылды хаттама № 1 «26» 08 20 22 ж.

**Білім беру бағдарламасы сарапталды:**

1. Қарағанды облыстық «Атамекен» аймақтық кәсіпкерлер палатасы;
2. Қарағанды облыстық адвокаттар коллегиясы;
3. Қарағанды облыстық соты.

7M04201 – «Құқықтану» білім беру бағдарламасы ҚР ҒЖБ министірлігі 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген МЖМББС-на сәйкес әзірленді. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру ережесіне сәйкес әзірленді.

## 1 Білім беру бағдарламасының сипаттамасы

| | |
|---|---|
| **Білім беру бағдарламасының мақсаты** | Жалпымәдени және кәсіптік құзыреттілікті қалыптастыру. «М04201- құқықтану» мамандығы бойынша (бейінді бағыт) оқытуда магистранттарды ең жоғары академиялық стандарттармен сәйкестендіріп, ынталандыру арқылы даярлауды қамтамасыз ету.<br>Мынадай құзыреттермен қамтасыз ету:<br>- жүйелі білімді терең меңгеру және құқықтық мәселелерді бағалауда сын көзбен қарай алу;<br>- жалпығылыми әдістерді түсініп, қолдана білу;<br>- меңгерген білімін ерекше қолдана алу. |
| **Білім беру бағдарламасы бойынша кадр даярлау бағытының картасы** | |
| Білім беру саласының коды мен атауы | 7М042-бизнес, басқару және құқық |
| Даярлау бағытының коды мен атауы | 7М042-Құқық |
| Білім беру бағдарламасының коды мен атауы | 7М04201 – «Құқықтану» |
| **Бітірушінің біліктілік сипаты** | |
| Берілетін дәреже | 7М04201 - «Құқықтану»білім беру бағдарламасы бойынша «құқық магистрі» |
| Маман лауазымдарының тізбесі | Оқуды аяқтағаннан кейін, бейіндік магистратура бағдарламасы бойынша түлектер мемлекеттік және жеке құрылымдарда жұмыс істеуге мүмкіндік алады. |
| Кәсіби қызмет саласы | "7М042-Құқықтану" Білім беру бағдарламасы бойынша құқық магистрлерінің кәсіби қызмет саласы: құқықтық нормаларды әзірлеу мен іске асыруды; заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді; құқықтық оқыту мен тәрбиелеуді қамтиды. |
| Кәсіби қызмет объектісі | Магистрлердің кәсіби қызметінің объектілері құқықтық нормаларды жүзеге асыру, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы қоғамдық қатынастар болып табылады. |
| Кәсіби қызмет функциясы | 7М04201-Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша құқық магистрінің кәсіби қызметіне мына функциялар кіреді:<br>***нормативті-құқықтық қызмет:***<br>- нормативтік-құқықтық актілерді дайындауға қатысу;<br>***құқық қорғау қызметі:*** |

| | |
|---|---|
| | - қызметтік міндеттері шеңберіндегі шешімдерді негіздеу және қабылдау, сондай-ақ құқықтық нормаларды орындаумен байланысты іс-әрекеттер жасау;<br>-құқықтық құжаттар әзірлеу;<br>***құқық қолдану қызметі:***<br>- заңдылықты, құқықтық тәртіпті, жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;<br>- қоғамдық тәртіпті сақтау;<br>- құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу, анықтау, ашу және тергеу; жеке, мемлекеттік, муниципалдық және басқа меншік нысандарын қорғау;<br>***сараптамалық-кеңес беру қызметі:***<br>- құқықтық мәселелер бойынша кеңес беру;<br>- құжаттарға құқықтық сараптаманы жүзеге асыру;<br>***педагогикалық қызмет:***<br>- құқықтық пәндерді оқыту;<br>-құқықтық тәрбиелеуді жүзеге асыру. |
| Кәсіби қызмет түрлері | «7М04201-Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушымына кәсіби қызмет түрлеріне дайындалады: нормашығарушылық; құқық қорғау; сараптамалық-кеңестік; педагогикалық (колледждерде, мектептерде құқықтық пәндерді оқыту). |

## 2 Құзіреттілік картасы

| Кодтар | Жалпы құзіреттілік | Кодтар | Оқыту нәтижесі |
|---|---|---|---|
| **ЖҚ1** | **Құзіретті болу** :–<br>ақпаратты қабылдау, жалпылау, талдау, мақсат қою және оған жетудің жолдарын таңдау дағдыларына ие; ауызша және жазбаша сөйлеуді логикалық, ақылға қонымды және нақты жасай білу; | **ON1** | - заң мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсінеді<br>- өркениетті және құқықтық мемлекетте заңгердің маңызды әлеуметтік рөлін түсінеді;<br>- кәсіби құқықтық сананы қалыптастырудың және жұмыс істеудің теориялық және құқықтық негіздерін талдайды;<br>- мазмұнның әртүрлі аспектілерін анықтайды және кәсіби құқықтық сананы қалыптастырады |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | - кәсіби заң қызметіне даярлығының тоғысқан жағдайы ретінде кәсіби құқықты меңгереді. |
| **ЖҚ2** | **Құзіретті болу**:– өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңыздылығын түсіну; кәсіби этикалық өзін-өзі танудың жеткілікті деңгейін қалыптастыруда; әлеуметтік және кәсіби мәселелерді шешуде әлеуметтік, гуманитарлық және экономикалық ғылымдардың негізгі принциптері мен әдістерін қолдану дағдылары болуында; | **ON2** | - жалпы мәдени дүниетанымның бастамасын қалыптастырады, әлеуметтік қатынастарға әлеуметтенуді қалыптастырады;<br>- ойлаудың әлеуметтік мәдениетін түсінеді;<br>- ақпаратты жинақтаудың, талдаудың, қабылдаудың маңызды әлеуметтік рөлін түсінеді;<br>- құзырлы мақсатты орнату қажетті нәтижеге әкелетінін біледі; |
| | | **ON4** | - мәселенің бар екендігін түсіндіретін жеткілікті себептерді түсінеді; ұсынылған гипотезалардың дұрыстығын немесе бұрмалануын дәлелдейтін ақпаратты жинаудың маңызды рөлін түсінеді; талдау процесін ұйымдастыруға көмектесетін көптеген зерттеу модельдерін біледі; зерттеу модельдерін пайдалану клиенттің проблемасы бар аймақта орын алған процестерді бейнелеуге көмектеседі және талдаудың негізделетін элементтері мен әрекеттерін анықтайтындығын біледі. |
| | **Кәсіби құзіреттілік** | | **Оқыту нәтижелері** |
| **КҚ3** | **Құзіретті болу**:– құқықтанудағы іргелі білімдерді, оның категориялары мен құқықты қолдану мен дамыту заңдылықтарын зерттеу мен сипаттау әдістерін қолдану кезінде. | **ON3** | - мінез-құлық мәдениетінің әлеуметтік маңыздылығын түсінеді;<br>- командада жұмыс істегенде мінез-құлық мәдениетінің маңызды әлеуметтік рөлін түсінеді;<br>- мінез-құлық мәдениетінің ережелерін біледі;<br>- адамгершілік қағидаларды адамның санасында және қызметінде бекітудің кешенді, көпфункционалды үдерісі ретінде адамгершілік прогрестің пайда болуын көреді;<br>- мінез-құлық мәдениетін қалыптастырудың теориялық және құқықтық негіздерін талдайды. |
| | | **ON7** | Құқықтық фактілерді және олармен байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдай алады, құқықтық нормаларды талдайды, түсіндіреді және дұрыс пайдаланады; шешім қабылдауға |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | және заңды түрде заңға сәйкес әрекет етеді; нормативтік құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын жүргізу; білікті құқықтық пікірлер мен кеңестер беру, құқықтық құжаттарды дұрыс жасау және орындайды. |
| | | **ON9** | Құқықтық фактілерді, олармен байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдай алады, құқықтық нормаларды талдайды, түсіндіреді, дұрыс пайдаланады;шешім қабылдауға, заңды түрде заңға сәйкес әрекет етуге;нормативтік құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын жүргізу; білікті құқықтық пікірлер мен кеңестер беру, құқықтық құжаттарды дұрыс ресімдеу және орындау; сот сараптамасын тағайындау, алдын-ала зерттеулер жүргізу кезінде шешілетін мәселелерді дұрыс шешу. |
| | | **ON10** | Құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық мәртебесі, азаматтық құқық, азаматтық процедуралар, әкімшілік процесс, қылмыстық процедуралар, еңбек құқығы туралы құжаттамалық қамтамасыз ете алу; құқықтық фактілерді олармен байланысты туындайтын құқықтық қатынастарды талдайды, құқықтық нормаларды талдайды, түсіндіреді және дұрыс пайдаланады; шешім қабылдауға және заңды түрде заңға сәйкес әрекет етуге; нормативтік құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын жүргізеді. |
| **КҚ4** | **Құзіретті болу**:–<br>күштер мен құралдарды шоғырландыруда, кәсіби мәселелерді шешуде, ұйымдастырушылық және басқару шешімдерін жоспарлауда және әзірлеуде | **ON8** | Азаматтық процедура, әкімшілік процесс, келісімшарттық құқық туралы негізгі және ұғымдық құқықтың түрлі салаларында құқықтық қатынастардың субъектілерінің негізгі ұғымдарының, санаттарының, институттарының құқықтық мәртебесі мен сипатын біледі; нормативтік актілермен жұмыс істеу дағдысын меңгерген; кәсіби қызметтің объектілері ретіндегі түрлі құқықтық құбылыстарды, құқықтық фактілерді, құқықтық нормаларды және құқықтық қатынастарды талдау дағдыларына ие. |
| **КҚ5** | **Құзіретті болу**: | **ON5** | Ол заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің тұжырымдамасын, түрлерін, сипаттамаларын, құрылымын, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | нормативтік құқықтық актілердің жобаларына, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасауға ықпал ететін ережелерді анықтау мақсатында құқықтық сараптама жүргізу кезінде; | | нормативтік актілердің уақыт, кеңістікте және адамдар шеңберіндегі әсерін біледі;кәсіби қызметтің бейініне байланысты нормативтік актілердің мазмұнын анықтайды; өзінің кәсіби қызметінің бейініне сәйкес ережелерді қолданады; кәсіптік қызметтің бейінді негізінде нормативтік құқықтық актілердің ерекшеліктерін біледі және талдайды; нормативтік құқықтық актілердің құқықтық сараптамасын жүргізеді. |
| **КҚ6** | **Құзіретті болу: -**<br><br>Құқық нормалары үстемдігін түсіндіруде және оларды іс жүзінде қолдануда. | **ON6** | Салалық құқықтық ғылымның негізгі ережелерін, негізгі түсініктердің мазмұнын, санаттарды, институттарды, құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтық және процессуалдық құқық салаларында құқықтық мәртебесін біледі; құқықтық түсініктер, санаттармен жұмыс істеуге қабілетті; құқықтық құжаттарды дұрыс ресімдеу және орындау, олармен байланысты туындайтын құқықтық фактілер мен құқықтық қатынастарды талдау, құқықтық нормаларды талдау, түсіндіру және дұрыс қолдану. |

**3 Пәндер туралы мәлімет**

| № | Цикл | Пәндер атауы | Пәннің қысқаша сипаттамасы | Кредиттер көлемі | Оқыту нәтижелері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | БП/ЖК | Шетел тілі (кәсіби) | Магистратурада шет тілін оқыту болашақ магистрдің кәсіби қызметінде тілді белсенді меңгеру дағдылары мен іскерлігін одан әрі дамыту негізінде шет тілді білім берудің халықаралық стандарттары шеңберінде коммуникативтік құзыреттілікті жүйелі түрде тереңдетуге мүмкіндік береді. | 2 | ON1 |
| 2 | БП/ЖК | Менеджмент | Бұл курс бөлімшенің жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру, басқарудың ұйымдық құрылымын қалыптастыру, ұйымның мотивациялық саясатын әзірлеу білігін қарастырады. Кәсіби қызметте іскерлік және басқарушылық қарым-қатынас тәсілдерін қолдана білу, басқару әдістерінің жүйесін пайдалана отырып, | 2 | ON3 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тиімді шешімдер қабылдау, менеджмент ерекшеліктерін ескеру (салалар бойынша). | | |
| 3 | БП/ЖК | Басқару психологиясы | Курс психология заңдылықтары тұрғысынан білім беру саласындағы кәсіби қызметті талдау қабілетін қалыптастырудың негізгі аспектілеріне, кәсіби қызметте психологиялық заңдарды қолдану, тұлғаның ұйымдастырушылық мінез-құлқының технологиясы және тұлғааралық қарым-қатынасты орнату, басқарушылық функциялардың психологиялық ерекшеліктерін анықтау және олардың кәсіби қызметке әсерін анықтауға арналған. | 2 | ON4 |
| 4 | БП/ТК | Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері | Пән қоғамға қауіпті нақты әрекетті қылмыстық-құқықтық тұрғыдан бағалаудың, басқаша айтқанда қылмысты саралаудың ғылыми негізделген аспектілерін зерттейді. Қылмысты саралау қоғамға қауіпті жасалған әрекеттің белгілері мен қылмыстық заңнаманың нормаларында қарастырылатын белгілерінің арасындағы сәйкестілікті анықтайды. Оқыту барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, қылмыстық дұрыс саралаудың дағдыларын, қылмысты қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтар шегін айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқықнормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, қылмысты саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады. | 4 | ON2, ON5 |
| 5 | БП/ТК | Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралау мәселесі | Пәнде экономикалық қылмыстарды саралау ерекшеліктері, экономикалық қылмыстарды дұрыс саралауда туындайтын қиындықтар мен оларды шешу жолдары анықталады. Оқыту барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, экономикалық қылмыстарды дұрыс саралаудың | 4 | ON2, ON5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | дағдыларын, экономикалық қылмыстарды қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтардан айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқық нормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, экономикалық қылмысты саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады.жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастыру болып табылады. | | |
| 6 | БП/ТК | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды саралау мәселесі | Пәнде сыбайлас жемқорлық қылмыстарын саралау ерекшеліктері оқытылады, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дұрыс саралауда туындайтын қиындықтар мен оларды шашу жолдары анықталады. Оқыту барысында қылмысты саралау теориясының негізгі ережелері беріліп, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын дұрыс саралаудың дағдыларын, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын қылмысқа жатпайтын құқық бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтардан айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды, қылмыстық-құқық нормалары мен құқық коллизияларының бәсекелестігін, сыбайлас жемқорлық қылмыстарын саралау барысында туындайтын мәселелерді шешу жолдарын анықтау дағдыларын қалыптастырады. | 4 | ON2, ON5 |
| 7 | БеП/ЖК | Құқықтық талдаудың әдістанымы | Пәнде ғылыми қызметтің әдістері мен процедуралары оқытылады. Соның ішінде жалпы ұғымдары, құқықтық талдау жасаудың ерекшелігі мен тәртібі қарастырылады. Құқықтық қызмет аясында қолданылатын белгілі бір әдіс-тәсілдер мен операциялар жүйесі анықталады. Құқықтық білімнің құрылымы мен дамуы, құқықтық талдаудың құралдары мен әдістерін, нәтижелерді негіздеу тәсілдерін, білімнің тәжірибеде жүзеге асуының механизмдері мен нысандарын зерттейді. Заң ғылымы үшін танымның формальды-логикалық және жалпығылымилық әдістерінің ерекше маңызы | 2 | ON2, ON3, ON4 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бар. Сондай-ақ жалпығылымилық таным деңгейінде жүйелік әдіс, анализ және синтез, индукция мен дедукция, тарихи әдіс, функционалды, герменевтикалық, синергетикалық және тағы басқа дәстүрлі тану әдістері қолданылады. Бұлар философиялық әдіс секілді бүкіл ғылыми танымды қамтымайды, тек олардың жеке сатыларында қолданылады. | | |
| 8 | БеП/ТК | ҚР адвокаттық қызмет пен адвокатураның мәселелері | Пән қазіргі қоғамдағы адвокатураның орны мен рөлін оқытады. Адвокатураның ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелері, адвокатура қызметінде туындайтын мәселелері анықталады. Мемлекет пен адвокатураның өзара қатынасы. Тұрмысы төмен азаматтарға заң көмегін тегін көрсетудің мемлкеттік жүйесі. Адвокаттық қызмет көрсетуге орындар бөлу мен өзге де ұйымдастырушылық-құқықтық мәселелер. Адвокат мәртебесіне байланысты туындайтын мәселелер. Адвокат құқықтарын бұзу мәселелері. Білікті заң көмегін көрсету мәселелері. Адвокат еңбегіне ақы төлеу мәселелері. | 3 | ОN7, ОN10 |
| 9 | БеП/ТК | Қылмыстық сот өндірісіндегі қорғаудың теориялық және қолданбалы мәселелері | Пәнде қылмыстық процесте қорғауды ұйымдастырудың жалпытеориялық және қолданбалы мәселелері, оны жүзеге асырудың тәртібі, тактикасы мен стратегиясы оқытылады. Ерекше назар адвокатура секілді әлеуметтік-құқықтық институтқа бөлінеді. Оның негізгі проблемалары анықталады. Қылмыстық процесте азаматтарға білікті заң көмегін жүзеге асыратын қорғаушының нақты мәртебесі анықталады. Сондай-ақ қылмыстық процестегіқорғаушының тараптар арасындағы тәуелсіз, даралық процессуалдық жағдайы, қызметінің сипаты, адвокаттың орны, қорғалушы алдындағы оның рөлі секілді мәселелер зерделенеді. | 5 | ОN7, ОN10 |
| 10 | БеП/ТК | Қылмыстық іс-жүргізудегі қорғаудың өзекті мәселелері | Пәнде қылмыстық процестегі қорғаушының қатысуы мен процессуалдық мәртебесі аспектілерінің мәселелері, қылмыстық | 5 | ОN7, ОN10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | процестің сот сатыларындағы адвокаттың қызметі, қылмыстық процестегі адвокат қызметінің тактикалық негіздері оқытылады. Сондай-ақ қылмыстық процестегі қорғаушының құқықтарын қорғау аспектілерінің мәселелері, қылмыстық процестегі белгілі бір мән-жайлардағы адвокаттың өзінің процессуалдық құқықтарын жүзеге асыру мүмкіндіктері анықталады. Адвокаттық қызметтің заңнамалық қамтамасыз ету мәселелері қарастырылады. | | |
| 11 | БеП/ТК | Қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу заңдылығын қолданудың теориясы мен іс-тәжірибесі | Пәнде қазіргі кездегі қылмыстық құқық пен қылмыстық процестің теориялық және қолданбалы аспектілері оқытылады. Бұған қылмыстық құқық пен процесс теориясында қарастырылатын тәжірибелік пен теориялық мағынасы бар түйінді мәселелер енгізіледі. Халықаралық-құқықтық стандарттар аясындағы қолданыстағы қылмыстық және қылмыстық-процессуалдық заңнамаға талдау, қылмыстық сот өндірісі аясындағы шетел заңнамасына салыстырмалық талдау жүргізіледі, қылмыстық сот өндірісінің теориялық және тәжірибелік мәселелері, қылмыстық-процессуалдық нысандардың дамуы мен жетілдрірілуіне талдау жүргізу, қылмыстық құқықтың теориясы мен тәжірибесінің мәселелері зерттеледі. | 5 | ON5, ON9, ON10 |
| 12 | БеП/ТК | Шет елдердің қылмыстық құқығы | Пәнде англосакондық және роман-германдық құқық топтарына жататын мемлекеттердің қылмыстық-құқықтық саясатының жағдайы мен негізгі бағыттары, қайнар көздер жүйесі, қылмыстық құқықтың Жалпы және Ерекше бөліктерінің негізгі институттары, бұл мемлекеттердің қылмыстық істер бойынша соттық тәжірибесі, қарастырылып отырған мемлекеттердің қылмыстық құқықтарындағы даулы мәселелерін зерделеудегі негізгі доктриалды ұстанымдар оқытылады. | 5 | ON5, ON9, ON10 |
| 13 | БеП/ТК | Халықаралық қылмыстық құқық | Пән халықаралық қылмыстарға қатысты мемлекеттердің ынтымақтастығын реттейтін, оларды анықтап, тергеп, жазалайтын | 5 | ON5, ON9, ON10 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | халықаралық жария құқығының жеке-дара саласына арналады. Бұл, жалпы мемлекет емес, белгілі бір әркетке баратын адамды субъект ретінде реттейтін классикалық мемлекеттік құқықтан түпкілікті ерекшеленеді. | | |
| 14 | БеП/ТК | Салыстырмалы қылмыстық құқық | Әртүрлі мемлекеттердіңқылмыстық құқығының біратаулы институттарын салыстыру жолы арқылы олардың қылмыстық-құқықтық жүйесін, негізгі қағидаттары мен санаттарын, олардың тарихы мен заңды дамуын оқытатын құқықтанудың (заң ғылымының) саласы (бөлігі). Салыстырмалы қылмыстық құқық - ғылыми бағыт, соның аясында салыстырмалы-құқықтық әдісті қолдану арқылы қылмыстық құқықтың жалпылылығы мен ерекшелігі, кәдіпкісі мен айрықшалығы зерттеледі. Салыстырмалы әдіс арқылы әртүрлі мемлкеттердің қылмыстық-құқықтық жүйесі, халықаралық құқықтың ұлттық құқықтық жүйеге әсері, қылмыс саласындағы саясат, қылмыстық заңнама, сот тәжірибесі, құқық доктриналары, сондай-ақ өзге де өткен тарихындағы және қазіргі кезеңдегі салыстыруға жататын пәндер оқытылады. | 5 | ON6, ON7 |
| 15 | БеП/ТК | Қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері | Пәнде қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері, соның ішінде іс жүргізу құжаттарын толтыру, талап арыздарды, аппеляциялық арыздарды, қадағалау өтініштерін, прокурорлық наразылықты, сот шешімдерін, сот юүйрықтарын, т.б. жазып, толтырудың әдістемесі мен техникасы оқытылады | 5 | ON6, ON7 |
| 16 | БеП/ТК | Қылмыстарды саралау | Пәнде қылмыстарды саралау түрлері, жасалған әрекеттің қоғамдық қауіптілік белгілерінің қылмыстық заң нармаларында қарастырылған белгілермен сәйкестілігін нақты анықтаудың тәртібі мен ұсынымдары талданады.Оқыту барысында қылмыстарды саралау теориясының негізгі ережелері, қылмыстарды дұрыс саралаудың дағдыларын қалыптастырады,қылмыстарды қылмысқа жатпайтын құқық | 5 | ON6, ON7 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | бұзушылықтар мен аморальды теріс қылықтар шегін айыра білуді, қылмыстық заңнаманың кемшін тұстарын анықтай алуды меңгертеді. | | |
| 17 | БеП/ТК | Азаматтық және азаматтық іс-жүргізу заңнаманы қолданудың теориясы және практикасы | Пәнде: іс жүргізу құжаттарын құрастыру бөлігіндегі азаматтық құқықтың өзекті мәселелері; талап арыздарды, апелляциялық шағымдарды, қадағалау шағымдарын, прокурорлық наразылықтарды, өтінішхаттарды, сот шешімдерін, ұйғарымдарды, сот бұйрықтарын және т. б. құрастыру әдістемесі мен техникасы оқытылады. | 4 | ON8, ON9 |
| 18 | БеП/ТК | Тұрғын үй заңнамасының өзекті мәселелері | Тұрғын үй құқығының өзекті мәселелері, негізгі институттар мен тұрғын үй құқығы жүйесі қарастырылады. ҚР құқықтық жүйесінің қазіргі кезеңдегі тұрғын үй құқығының даму тенденциялары. | 4 | ON8, ON9 |
| 19 | БеП/ТК | Келісім-шарт құқығының өзекті мәселелері | Бұл пәнді оқу қоғамның шарттық қатынастарының басты өзегі болып табылады. Қоғамдық шарттық қатынастар дегеніміз азаматтар мен мекемелер қолданатын барлық азаматтық құқықтық шарттар болып табылады.Шарт – ұзақ тарихы бар құқықтық конструкция, адамдар арасындағы түрлі қарым-қатынас екі жақтан да келісілген түрлі формалардың пайда болуына немесе жаңа қарым-қатынас үлгісінің пайда болуына әкеліп соғады. Осындай үлгілердің түрі болып келісім-шарт болып табылады. Пәннің оқытылу мақсаты болып бұл пәннің құқықтық табиғаты, оның басқа мемлекеттік-құқықтық пәндері арасындағы орны, басқа құқықтық жүйедегі қолданысы болып табылады Аталған пәнді оқытудың міндеттері-шарттың өзгертілуі мен тоқтатылуының тәртібін зерттеу, оның заңсыз болып табылуы, мазмұнының бүгінгі күн талабына сай келуі және шарттық құқықтың түсінігінің қалыптасуы болып табылады. | 4 | ON8, ON9 |
| 20 | БеП/ЖК | Өндірістік практика | Мақсаты-студенттер практикадан өтетін ұйымдардың жұмысын зерделеу негізінде теориялық білімді жүйелеу, жалпылау және | 5 | ON6 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | тереңдету, практикалық дағдыларды, жалпы мәдени, кәсіби құзыреттіліктер мен кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру. | | |
| 21 | ҒЗЖ | Тағылымдамадан өту және магистрлік жобаны орындауды қоса есептегендегі магистранттың экспериментaлды-зерттеу жұмысы | Мақсаты магистранттардың білімінің ғылыми әдістерін меңгеруі, оқу материалын тереңдетіп зерделеуі, магистранттардың ғылыми дайындығын кеңейту және ғылыми тағылымдама түрінде өз бетінше ғылыми зерттеу әдістері мен тәсілдерін меңгеру болып табылады. | 13 | ON 1-ON6 |

**4 Білім беру бағдарламасының мазмұны**

| Модуль түрі | **Модуль атауы мен шифры** | **Цикл/ компонент** | **Құзырет қалыптастыратын пәндер атауы** | **ECTS кредиттер көлемі** | **Сағат саны** | **Семестр** | **Бақылау формасы** | **Қалыптасатын оқыту нәтижелері (кодтар)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ЖМ | AG 01 Әлеуметті-гуманитарлық | БП/ЖК | Шетел тілі (кәсіби) | 2 | 60 | 1 | Е | ON1 |
| | | БП/ЖК | Менеджмент | 2 | 60 | 1 | Е | ON3 |
| | | БП/ЖК | Басқару психологиясы | 2 | 60 | 1 | Е | ON4 |
| | | ҒЗЖ | Тағылымдамадан өту және магистрлік жобаны орындауды қоса есептегендегі магистранттың экспериментaлды-зерттеу жұмысы | 13 | 390 | 1,2 | есеп | ON1 – ON6 |
| **Модуль бойынша барлығы 1** | | | | **19** | **570** | | **3** | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ММ | GT 02 Ғылыми-теориялық | БеП/ЖК | Құқықтық талдаудың әдістанымы | 3 | 90 | 1 | Е | ON2/ON3/ON4 |
| | | БеП/ТК | Қылмыстық және қылмыстық іс-жүргізу заңнамасын қолданудың теориясы мен іс-тәжірибесі | 5 | 150 | 1 | Е | ON5/ON9, ON10 |
| | | | Шет елдердің қылмыстық құқығы | | | | | |
| | | | Халықаралық қылмыстық құқық | | | | | |
| | | БП/ТК | Қылмыстарды саралаудың ғылыми негіздері | 4 | 120 | 1 | Е | ON2/ON5 |
| | | | Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарды саралау мәселесі | | | | | |
| | | | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қылмыстарды саралау мәселесі | | | | | |
| | | БеП/ТК | Салыстырмалы қылмыстық құқық | 5 | 150 | 1 | Е | ON6/ON7 |
| | | | Қылмыстық құқықтың өзекті мәселелері | | | | | |
| | | | Қылмыстарды саралау | | | | | |
| | | БеП/ТК | ҚР адвокаттық қызмет пен адвокатураның мәселелері | 3 | 90 | 1 | Е | ON7/ON10 |
| | | | Қылмыстық сот өндірісіндегі қорғаудың теориялық және қолданбалы мәселелері | | | | | |
| | | | Қылмыстық іс-жүргізудегі қорғаудың өзекті мәселелері | | | | | |
| | | | Азаматтық және азаматтық процестік заңнаманы қолданудың теориясы және практикасы | 4 | 120 | 1 | Е | ON8/ON9 |
| | | | Тұрғын үй заңнамасының өзекті мәселелері | | | | | |
| | | | Келісім-шарт құқығының өзекті мәселелері | | | | | |
| **Модуль бойынша барлығы 2** | | | | **24** | **720** | | **6** | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| ММ | КА 03 Кәсіби және аттестациялық | БеП/ЖК | Өндірістік практика | 5 | 150 | | есеп | ON6 |
| | | ҚА | Магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау | 12 | 360 | | | ON 1-ON6 |
| **Модуль бойынша барлығы 3** | | | | **17** | **510** | | | |
| | | | **Оқу жоспары бойынша барлығы:** | **60** | **1800** | | **9** | |
| | | | ЖОО компонентінің кредит саны | 14 | | | | |
| | | | Таңдау компонентінің кредит саны | 21 | | | | |
| | | | МЭЗЖ | 13 | | | | |
| | | | Қорытынды аттестация | 12 | | | | |
| | | | Емтиихан | | | | 9 | |